

Геодезиялық және картографиялық жұмыстар бойынша техникалық есептерді жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 7 желтоқсандағы № 611/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 желтоқсанда № 33760 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 213-21) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Геодезиялық және картографиялық жұмыстар бойынша техникалық есептерді жасау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті намада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

Б. Мусин

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі
2023 жылғы 7 желтоқсандағы

Геодезиялық және картографиялық жұмыстар бойынша техникалық есептерді жасау жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Геодезиялық және картографиялық жұмыстар бойынша техникалық есептерді жасау жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2019 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 213-21) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Техникалық есептер мемлекеттік тілде және қажет болған жағдайда орыс тілінде жасалады.

3. Техникалық есептердің мазмұнымен оларда орналастырылған деректердің толықтығын, дұрыстығын және бірегейлігін қамтамасыз етіледі.

4. Осы объектіде орындалған далалық және камералдық жұмыстардың нәтижелерін жүйелеу, осы нәтижелердің сақталуы үшін техникалық есептер мен ілеспе материалдар жасалады. Техникалық есептер далалық және камералдық жұмыстар туралы түсіндірме жазбаларды, сондай-ақ техникалық жобаны пайдалана отырып, аяқталған жұмыстардың әрбір түрі бойынша объектілер бойынша жасалады.

5. Техникалық есепте орындалған жұмыстар туралы мәліметтер, оларды орындауға қатысқан бөлімшелер санына қарамастан, олардың бүкіл объектіге дәлдігі көрсетіледі. Материалдар техникалық есеппен бірге объектілер бойынша толық тапсырылады.

2-тарау. Материалдарды құрастыру қағидалары

6. Барлық материалдар келесі талаптарды ескере отырып жасалады:

алғаш рет қолданылатын материалдар мен қолданылатын әдістер егжей-тегжейлі сипатталады;

ұйымның атауынан, материалдың атауынан, объектінің шифрынан, дала жұмыстары жүргізілген жылдан және шығарылған жылдан басқа мұқабада және титул парағында белгі, дананың нөмірі, координаттар мен биіктіктер жүйесі көрсетіледі;

техникалық есептерде қабылданған координаттар мен биіктіктер жүйелері туралы мәліметтер келтіріледі, жергілікті координаттар жүйесін пайдалану кезінде оның параметрлері келтіріледі;

мазмұнында барлық бөлімдер мен қосымшалар (тізімдер, геодезиялық пункттердің алфавиттік көрсеткіштері) көрсетіледі;

техникалық есептерге титулдық параққа бірінші басшының орынбасары және техникалық бақылау бөлімінің басшысы, ал соңғы беттің алдыңғы жағына –

құрастырушы, камералдық бригаданың (есептеу бөлімінің) басшысы немесе редакциялауды орындаған және техникалық бақылау бөлімінің басшысы (мөртабан) қол қояды;

техникалық есеп пен каталогты бір құжатқа біріктіруге тыйым салынады;

аяқталған объектілердің материалдарын жасау кезінде ресімделетін схемалар үшін көзделген шартты белгілер қолданылады;

орталықтар типтерінің сызбалары бойлық қимада 1:50 масштабта беріледі, егер орталықтың өлшемдері шектерде ауытқып тұрса, онда олардың орташа мәні сызылады, өлшем бірлігінің атауы тек бірінші сызда метрмен көрсетіледі, 143 және 144 типті қабырға реперлері мен маркаларының сызбалары 1:10 масштабта орындалады;

мәтін немесе сызбалар бойынша объектілерге сілтемелер кезінде міндетті түрде объектінің атауымен қатар оның шифры да келтіріледі.

7. Трассаларда нивелирлік белгілерді тексеру және қалпына келтіру жүргізілетін I және II сыныпты нивелирлеу өндірісінде бір техникалық есеп жасалады және " _____ сыныпты нивелирлеу туралы техникалық есеп" деп аталады.

8. Техникалық есептерде бастапқы болып табылатын жұмыстарды тізімдеумен қатар биіктіктердің жиынтық каталогтарының номенклатуралары, Жасалған жылы және түгендеу нөмірлері және асып кетулер мен биіктіктердің объектілік каталогтары, әскери-техникалық басқару каталогтары және координаттар мен биіктіктердің объектілік каталогтары көрсетіледі.

9. Қайта нивелирлеу схемасында қозғалыстарға енгізілген бұрын салынған реперлер олардың нөмірлеріне баса назар аудару арқылы ерекшеленеді.

10. Егер техникалық есепте жұмыстың бірнеше түрі сипатталса, онда титул парағындағы тақырыпта "Техникалық есеп" деген сөздерден кейін онда сипатталған жұмыс түрлері келесі ретпен тізімделеді: алдымен жұмыстың негізгі түрі, содан кейін ілеспе түрі көрсетіледі.

11. Координаттар каталогтарында орталықтың типіне жақын жақшада I орталықта (жоғарғы орталықта) қойылған марканың нөмірі көрсетіледі. Пункттердің теңіз деңгейінен биіктіктері I орталығының жоғарысына жатады. Егер биіктік басқа нүктеге қатысты болса, тиісті ескерту жасалады (биіктік мәнімен). Егер биіктік монолитте немесе жартаста цементтелген маркаға жатқызылса, онда биіктік мәнінің астында марканың нөмірі көрсетіледі.

12. Каталогтарды, тізімдерді жасау кезінде құжаттың соңында осы Нұқсаулықтың қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Геодезиялық пункттердің алфавиттік көрсеткіші " орналастырылады.

13. Орналасқан жерін сипаттаудан басқа барлық пункттер үшін нивелирлеу пункттерінің биіктік каталогтарында мемлекеттік жүйеде 0,1 километрге дейінгі дәлдікпен (толық координаттар болмаған кезде) тікбұрышты координаттар беріледі. Толық координаттары бар мәліметтерде тиісті белгі болады.

14. Нивелирлеу пункттерінің асып кету және биіктік ведомостары екі данада жасалады. Оларға түсініктеме және алфавиттік көрсеткіш жасалады.

3-тарау. Материалдарды мәтінін жазу қағидалары

15. Материалдың мәтінін дайындау кезінде келесі негізгі қағидаттар сақталады:
мазмұнның объективтілігі;
ақпараттың толықтығы;
қысқаша мазмұны;
дизайн стандарты.

16. Бағалаудың негізгі және жалғыз түрі фактілерді анықтау болып табылады. Материалдың мәтіні оң нысанда жазылуы тиіс. Көмекші ретінде "болды" етістіктерін қолдануға жол берілмейді.

17. Мәтінде геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген техникалық терминдер, белгілер мен анықтамалар қолданылуы тиіс. Геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленбеген терминдер мен белгілерді қолданған кезде материалдың мәтінінде немесе оған қосымшада олардың анықтамалары мен түсіндірмелері келтіріледі.

18. Материалдың мәтінінде:

ауызекі сөйлеу мәнерін, техникизмдер мен кәсіпқойлықтарды қолдану;

бірдей ұғым үшін мағынасы жағынан жақын әр түрлі терминдерді (синонимдер), сондай-ақ баламалы сөздер мен терминдер болған кезде шетелдік сөздер мен терминдерді қолдануға;

емле, пунктуация ережелерінде белгіленгеннен басқа қысқартуларды қолдануға;

ерікті сөзжасамдарды қолдануға;

сөздерді әріптік белгілермен ауыстыруға;

сандарсыз математикалық белгілерді қолдануға рұқсат етілмейді.

4-тарау. Материалдарды редакциялау

19. Редакциялауды материалды құрастыруға қатыспаған бөлім басшысы немесе маман орындайды. Бұл ретте:

пайдаланылатын материалдардың толықтығы мен сапасы;

орындалған теңестірудің дұрыстығы;

бастапқы деректер;

орталықтарды орнатудың дұрыстығы;

түсіндірменің редакциясы және оған енгізілген деректердің дұрыстығы;

тізімге енгізілген элементтердің толықтығы, олардың нөмірленуінің дұрыстығы және тізімдерді ресімдеу;

сандық деректерді көрсетудің дұрыстығы;

сызбаның дизайны және қолданылатын нүктелердің толықтығы тексеріледі.

20. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің, өзендердің, көлдердің, арналардың атаулары Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы дерекқорының мониторинг материалдары бойынша тексерілуге тиіс.

21. Сақтауға жіберілетін аяқталған объектілердің материалдары парақтың бір жағынан басып шығарылады.

22. Материалдар А4 (210-297) форматындағы ақ қағаз парақтарында 1.0 интервалмен басып шығарылады. Шеттер парақтың барлық төрт жағында қалады. Сол жақ шетінде 30 миллиметр, оң жағында 10 миллиметрден кем емес, жоғарғы және төменгі жиектерінде 15 миллиметр өріс қалады. Сарғыш реңктері бар қайта өңделген қағазды пайдалануға рұқсат етіледі.

23. Times New Roman 12-14 кегль қаріп қолданылады.

24. Әр абзац сол жақтан 5 таңбадан тұратын шегіністен басталады.

25. Тақырыптары бар бөлімдер алдыңғы және кейінгі мәтіннен екі интервалмен бөлінеді.

26. Тақырыптар парақтың ортасына қойылып, бас әріптермен немесе кіші әріптермен (бірінші бас әріптен басқа) астын сызбай басылады. Тақырыптардағы сөздерді тасымалдауға жол берілмейді.

27. Парақтарды, беттерді нөмірлеу өтпелі болады, бірінші бет – титулдық бет, екіншісі – мазмұн кестесі. Парақтың, беттің нөмірі жоғарғы оң жақ бұрышта араб цифрларымен қойылады.

28. Бірінші бетте (титул парағы) парақтың нөмірі қойылмайды.

29. Қосымша литерлері бар парақтардың нөмірлеріне жол берілмейді.

30. Материалдың мәтіндік бөлігінің басылған даналары тексеріледі, түпнұсқада қолмен түзетулерге жол беріледі. Жеке бетте бестен артық түзету жасауға рұқсат етілмейді. Бір жолдан артық мәтінде көптеген түзетулер, түсініксіз түзетулер немесе бос орындарды қолмен толтыру бар беттер белгіленген тәртіппен қайта басылуға жатады.

31. Техникалық есепте ұмыс белгілері, соның ішінде қарындаш белгілері алынып тасталады.

5-тарау. Материалдарды рәсімдеу қағидалары

32. Бір кітапта тек парақтар нөмірленеді. Бір құжатты құрайтын бірнеше кітапты нөмірлеу кезінде әрбір кітап нөмірленеді.

33. Басылған парақтардың арасына сызбалар мен диаграммалар парақтары қойылады, олар да нөмірленеді. Схемалар, егер бұл формат бойынша мүмкін болса немесе кітаптың қалтасына салынса, егер олар формат бойынша байланыстыруға жарамсыз болса, мәтінмен бір кітапқа біріктіріледі.

34. Мұқабалар мен титулдық беттерде гриф, дананың нөмірі және берілген есептік немесе түгендеу нөмірі көрсетіледі.

35. Титул парағының артқы жағында куәландыру жазбасы келтіріледі. Куәландыру жазбасы бір рет келтіріледі және оны соңғы парақта қайталауға тыйым салынады.

36. Аяқталған объектілердің материалдарына енгізілетін өзгерістерді іздеуді есепке алу және біріздендіру мақсатында, әрбір өрілген кітапқа соңында өзгерістерді тіркеу парағы енгізіледі, онда техникалық бақылау бөлімі және кәсіпорын басшылығы қабылдағаннан кейін тиісті материалға енгізілетін барлық өзгерістер жазылады.

37. Техникалық есепте материалдар қатты мұқабамен түптеледі.

38. Схемаларды ресімдеу талаптары:

нысан атауының сызбасында 1:1 000 000 масштабтағы номенклатура (алаңдық объектілер үшін) көрсетіледі;

схеманың бұрыштарында географиялық координаттарға (градус, минут, секунд) қол қойылады;

әр 10 сантиметрден кейін (схема масштабында) тікбұрышты координаттарға қол қойылады;

схемада схеманың масштабы мен масштабты сызғыш, есептік нөмір, басылған даналардың саны міндетті түрде көрсетіледі, жоғарғы оң жақ бұрышта баған мен дананың нөмірі көрсетіледі;

шартты белгілердегі және схемалардағы белгілер біркелкі және бірдей мөлшерде көрсетіледі;

схемалар есеп пен каталогта бірдей көрсетіледі;

схеманы ұзақ уақыт сақтау үшін ламинаттау немесе қалың қағазға басып шығару ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму,
инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі
министрі
2023 жылғы 7 желтоқсандағы
№ 611/НҚ
Геодезиялық және
картографиялық
жұмыстар бойынша
есептерді жасау жөніндегі
нұсқаулыққа
қосымша

Геодезиялық пункттердің алфавиттік көрсеткіші

Реттік нөмірі №	Пунктің атауы (нөмірі), белгі түрі	Сыныбы	Каталог (тізім) бойынша №

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК